

2 қыркүйек – мұнай және газ өнеркәсібі жұмысшыларының күні

2 қыркүйек – Қазақстанның барлық мұнайшылары үшін, соның ішінде «Қарачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы үшін аса маңызды күн. Бұл күн Қазақстанда мұнайшылар күні ретінде аталады. Республиканың мұнай өнеркәсібі жұмысшыларының барлық мерекелік салтанаты өткізіледі. Бұл күні «қара алтынды» өндіретін, тасымалдайтын және оны өткізуді жүзеге асырумен өз өмірін байланыстыратын адамдар сыйлық пен ерекше ықыласқа ие болады. Салтанатты іс-шараларда ірі мұнай компанияларының басшылары, депутаттар, әр түрлі министрліктердің өкілдері жылы сөздерін арнайды. Олар осы саланың өз қызметін ең адал атқаратын қызметкерлеріне медальдар, естелік ордендер және сыйақылар береді.

Мұнай өнеркәсібі Қазақстанның экономикалық дамуының қозғаушысы және валюталық түсімінің басты қайнар көзі болып табылады. Бұл кәсіби мұнайшылардың жалпы халықтық құрметке лайық екендігінің тағы бір дәлелі. Олардың адал еңбегіне ел тұрғындарының бауқат өмірі тікелей байланысты.

Мұнай саласының өз Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық өмірінде үлкен роль атқарады. Мұнай секторы ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы 20%-дан астамын қамтамасыз етеді. Бұл сан мұнай саласының ұлттық экономикада қандай дәрежеде екенінің және елдің индустриялық-инновациялық дамуында мұнайшылардың қосар үлесінің мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Қазақстанда мұнайғыз және энергетика саласы бірден-бір жоғарғы өндірістік қарқында дамып келе жатқан сала. 1990 жылдардың басында мұнайғыз және энергетика саласы басқа салалардан гөрі шетелдік инвестицияны тартуға ғана емес, қазіргі заманауи технологияларды, маманданған, жаңа білімді және іскер кадрлар дайындауға да назар аударып бастағанын ескерген жөн. Өткен жылдарда мұның барлығы арнайы, үлкен мұнай жобалары шеңберінде болды.

Мұнай саласының қазақ ғылыми мамандары «қара алтынның» жаңа болашақ өндіру нүктелерін ашумен жұмыстануда. Бірақ бүгінгі таңда техникалық жағынан жетілдіру және ескі мұнай скважиналарын рационал-

ды қолдану өзекті мәселелер болып отыр. 1961 жылы ашылған белгілі Өзен кен орнында геологиялық-экономикалық барлаушылардың мәліметі бойынша қомақты мұнай қоры бар, рационалдық өңдеу барысында елге үлкен табысты қамтамасыз ете алады. Бүгінде Қазақстан көптеген әлем елдеріне мұнайды экспортқа шығарады. Табиғи байлығы мен мұнайшылардың еңбексүйгіштігі қазақ халқының күн көру көзі болып отыр.

Қазақстанда мұнай мен газ шикізаттың негізгі түрі және оны өндіру бүкіл Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды саласы болып табылады. Мұнайғыз кешенінде жұмыс жасайтын адамдарға қойылатын талап та жоғары. Сондықтан газ бен мұнай өндірушілердің қиын да күрделі жұмысы біздің елімізде ерекше құрметке ие.

Қазақстан өзінің өлшеусіз табиғи байлығын, соның ішінде көмірсутектің бай ресурстарын өзі игеруде. Қазақстан мұнайының қасырлық тарихы болғанмен, бұл салада Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана танымал болды. Жасыратыны жоқ, мұнайдың бонусы шетелдік инвестицияны тартуда, жаңа технология мен озық менеджментті тартуда басымдылықтар береді.

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» консорциум ағымдағы жылдың қарашасында ерекше күн – Қарашығанақ жобасының Өнімді бөлу жөніндегі Негізгі Келісіміне қол қойылғанына 15 жыл толу мерейтойын атап өтпек. Бұл құжат қазақстан жағынан альянстың өзара қарым-қатынасын реттеп отырады. Осы он бес жыл кәсіпшіліктің кезең-кезеңмен жабдықтау жылдары болды.

Бүгінде Қарашығанақ – бұл ең алдымен халықаралық сапа стандарттарына жатқызылған заманауи технологиялар, бюджетке қомақты қаржының түсуі.

Әрине, сондай-ақ кен орны өзі орналасқан аумақтың динамикалық және тұрақты дамуының негізі болып табылады. КПО компаниясы соңғы 15 жылда Қазақстан Үкіметі мен «Қазмұнайгаз» АҚ ҰҚ қолдауының арқасында таңғажайып нәтижелерге қол жеткізді.

КПО компаниясы елдің экономикалық дамуы-



на қосқан үлесін, сонымен қатар өзінің Қарашығанақ кен орнындағы бірегей өнеркәсіптік нысандарының құрылыстарын салудағы жетістерін мақтан етеді. Бүгінде Қарашығанақ Қазақстандағы ең ірі халықаралық инвестициялық жобаның бірі болып табылады.

КПО мұнайшылары Қарашығанақта жұмыс жасайтындарын мақтан етеді. Мұнда жұмыс жасайтын қазақстандықтар арасында өз ісін жақсы білетін және шынайы сүйіспеншілікпен жұмыс жасайтын білгір мамандар көп. Бұл күні Қарашығанақты алғаш ашқан ардагер-мұнайшылардың еңбегін атап өту орынды. Бұл адамдар тұрмыстық және қарапайым жұмыс жағдайының жоқтығына қарамастан, өндірісті басты орынға қойды және орасан зор жетістіктерге қол жеткізді. Ол кезең аңыз болып естеліктерде қалды.

Дәстүр бойынша еліміз мұнайшылар күнін салтанатты іс-шаралармен, қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттер, театрландырылған қойылымдармен және мерекелік от шашумен атап өтеді.

КПО компаниясының басшылығы КПО-ның барлық қызметкерлерін және Қарашығанақ ардагерлерін кәсіби мерекесімен құттықтайды. Адал еңбектеріңіз бен таңдаған мамандықтарыңызға, өз кәсіптеріңізге деген адалдықтарыңыз үшін шексіз алғысымызды қабыл алыңыздар.

Сіздерге барлық істерде жетістік, қажырлы қуат, денсаулық және жақсылық тілеймін, көрер қуанышты сәттеріңіз бен қызықтарыңыз көп болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Қарашығанаққа мәртебелі қонақтың келуі

Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы М.А.Анарқұлов 1 тамыз күні Қарашығанақ кен орнына келді. Құрметті қонақтармен Қарашығанақ кен орнында өндіріс және жаңа технологиялар министрлігінің өкілдері, Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Ғұмар Дүйсембаев және Бөрлі ауданы әкімдігінің өкілдері бірге жүрді.

Ресми түрде келудің негізгі мақсаты – кен орнының аумағында орналасқан өндірістік нысандармен және Қарашығанақ кен орнымен танысу еді. Ресми тұлғалар кен орнымен өндірістік нысандарға экскурсия жасау арқылы танысты, Қарашығанақ қайта өңдеу кешеніне (КПК) кіріп шығып, басқа да КПО өндірістік нысандарымен танысты.

Сонымен қатар, мәртебелі қонақтар үшін КПК әкімшілігінің ғимаратында КПО-ның басқарушы қызметкерлерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында КПО өкілдері Қарашығанақ кен орнының даму барысы бойынша, сонымен бірге компанияның өлкеміздің өркендеуіне қосқан үлесі туралы да толықтай хабарлама жасады.

Кездесу кезінде БҚО әкімінің бірінші орынбасары Ғұмар Дүсембаев Қарашығанақ кен орнының өлкеге беретін электрқуатына қатысты бірнеше мәселені қозғады. Оның ішінде электрқуатының өлкемізге жылу беру кезеңінде өте көп көлемде керек екендігін ерекше атап өтті. Әйтпесе, өлкемізге электрқуаты жетіспеген жағдайда көрші Ресейден сатып алуға тура келеді, - деді. КПО өкілдері өз тарапынан қонақтарды компанияның артылған электроэнергияны өлкеміздегі жергілікті тұрғындар қажеттілігіне беретіні жөнінде сөзінді.



«Алтын каска» - ҚТ-ндағы керемет жетістігі үшін

КПО компаниясы қоршаған ортаны қорғау және техника қауіпсіздігі саласындағы өзінің ең озық қызметкерлерімен марапаттау рәсімін өткізді. Техника қауіпсіздігі саласында міндеттерін жақсы атқарып, жұмыс орнындағы апаттық жағдайға жол бермеуге қосқан үлестері үшін компанияның көптеген қызметкерлері ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Марапатталған қызметкерлер арасынан, әсіресе «Биджи Групп» компаниясы атынан арнайы «Алтын каска» сыйлығына ие болған, КПО компаниясының мұнай және газ өңдеу жөніндегі операторы Құбайдулла Бектасовтың жетістігін атап өткен жөн.

«Алтын каска» жүлдесі «Биджи Групптың» барлық бөлімшелерін қамтиды және «Биджи Групп» компаниясының ҚОҚ, ЕҚ және ҚТ-ның мадақтау бағдарламасының бөлігі болып табылады.

Құбайдулла тек әріптестерінің қауіпсіздігіне қамқорлығы мен сақтығы үшін ғана емес, сонымен бірге оның болашақтағы өндіріс алаңындағы техни-



ка қауіпсіздігі нормаларының сақталуын қамтамасыз етудегі қырағы әрекетімен көзге түсті.

Сондай-ақ, Құбайдулланың жүлдесі оның қауіпсіздік тәртібін және ТҚ нормаларын сақтаудағы ерекше шынайлығы үшін берілген болатын.

Құбайдулла - 1000 АҚШ доллары көлеміндегі Байқаудың ынталандыру сыйлығын қайырымдылық көмекке Бөрлі ауданының өлкетану мұражайына беруге шешім қабылдады.

Марапаттау рәсімі кезінде ЕҚ, ҚОҚ және ҚТ бағдарламасы аясында жеңімпаздардың екінші тобына «Алтын каска» және «Биджи Групп»-тың бас атқарушы директоры Мартин Хьюстонның атынан алғыс хат табысталды.

«Биджи Қазақстан» компаниясы Құбайдулланы «Алтын каска» жүлдесіне кандидатурасын ұсынбастан бұрын еңбек ұжымындағы техника қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылысы мен қосқан үлесін бағалады. «Биджи Групп» компаниясының бас атқарушы директоры

Мартин Хьюстонның Құбайдулланың атына берген алғыс хатында былай делінген: «Оның қатысуы тек әріптестеріне деген қамқорлығы және терең сақтығын көрсетіп қана қойған жоқ, сондай-ақ өз әрекетімен азамат Бектасов алдағы жұмысын жүргізу үшін алаңда техника қауіпсіздігі нормаларын сақтауды қамтамасыз етуге көмектесті. Атылмыш жетістік ерекше құрметке лайық, «Алтын каска» жүлдесін қабылдауыңызды сұраймыз. Техника қауіпсіздігі ережесін сақтауға қосқан үлесіңізді көрсетіп, оның белгісін айналыңызға көрсетіп мақтанышпен тағып жүріңіз».

КПО компаниясының қызметкерлері өздерінің техника қауіпсіздігі аймағындағы жетістіктерін мақтан етеді. Ұжымның жалпы ұмтылысы - ЕҚ, ҚОҚ және ҚТ саласында менеджмент жүйесінің тиімділігін үнемі көтеріп отыру, сөйтіп, өндірістегі бақытсыз жағдайды толығымен болдырмау және өз қызметкерлерінің денсаулығына қандай да бір қауіп-қатер төндірмеу. Компания басшылығы қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы саласынан күн сайын түрлі сақтандыру ережелерін енгізіп, сол ережелер мен тәртіпті сақтап келіп жатқандары үшін үлкен ризашылығын білдіреді.

КПО-ның бас директорының хабарламасы

Құрметті жерлестер!

Қазақстан Республикасы Мердігерлік компаниялар мен КПО компаниясы 2011 жылдың 14 желтоқсанында қол қойылған Қарашығанақ жобасы бойынша Келісімнің аяқталғанын қуанышпен хабарлаймын.

Келісім-шарттарына сәйкес, Республика Қарашығанақ кен орнының өнімін бөлісу жөніндегі Түпкілікті Келісім-Шартқа (ӨБТК) қатысу бойынша 10% үлес алатын болады, яғни 2 млрд. АҚШ доллары қолма-қол және 1млрд. АҚШ доллары аударма жолымен (салықсыз). Мұның ішінде түпкілікті және күшін жоюға жатпайтын шығынның орнын толтыру туралы барлық талаптарды реттеу де бар. 1 млрд. АҚШ долларынан тұратын салық жобасындағы үлестен түскен пайдадан төленетін болады. ӨБТК-дағы Республика үлесін «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай компаниясы басқаратын болады. Сондай-ақ Келісім-шарт ӨБТК мерзімі өткенше Каспий тұрба желісі Консорциумының (КТЖ) экспорттық тұрба желісінен жылына 2 млн.тонна мөлшерінде қосымша квота қарастырады. Қосымша 0,5 млн. тоннаны айдау бірден басталады және бұл көлем қазір жұмыс жасап жатқан және үш жыл ішінде аяқталуға тиіс КТЖ кеңейген кезде 2 млн.ға жететін болады. Бұдан басқа Келісім мыналарды қарастырады:

- Қарашығанақ жобасы экспорттық пошлинаны төлеуден 26 жылға босатылады, яғни ӨБТК-нің қалған 2038 ж. дейінгі уақытына.

- 2009 жылдың аяғына дейінгі барлық салық және кедендік мәселелерді түпкілікті реттеу.

Бұл Қарашығанақ жобасы тарихындағы аса маңызды кезеңдер. КПО компаниясы Қазақстанның алдыңғы қатарлы мұнайгаз компаниясы «ҚазМұнайГазды» барлық мердігерлік компанияларымен бірге қуана қарсылап отыр. Біздің барлық әріптестермен іскерлік, әріптестік қарым-қатынасымыз Қарашығанақты бірлесе әлемдік стандарттар деңгейінде игеруді жалғастыруға және ары қарай табыстарға жетуге көмектеседі деп сенеміз.

Құрметпен,
Дамиано Ратти,
Бас директор.



Көшбасшы позицияларда

«Қарашығанақ Оперейтинг Б.В.» КПО-ның «Биджи Групп» басқарма төрағасының 2011 жылғы «Жаппай жылыну-парникті газды ауаға шығаруды төмендету бағдарламасы» аталымында награда алды. Марапатты тапсырудың салтанатты рәсімі Лондонда Виктория ханшайым мен Альберт ханзаданың мұражайында болып өтті.

Бұл салада марапатталу КПО-ның жаппай жылындың негізгі себебі болып саналатын парникті газдарды ауаға жіберуді төмендетудегі едәуір табыстар үшін берілді. Компанияның атынан, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мен сапаны бақылау мәселелері бойынша басқарушы Кристиано Джиоаккини бастаған ҚОҚ корпоративті бөлімнің қызметкерлері барды.

КПО-ның бас директоры Дамиано Ратти өз кезегінде компания өндірістік қауіпсіздік пен экологиялық көрсеткіштерді үздіксіз жақсарту беруді қамтамасыз етуге тырысатынын атап өтті. Компанияның табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға кеткен шығыны 2011 жылы 22,4 миллион АҚШ долларын құрады деді ол. Бұл бағытта КПО әлемдік үздік көрсеткіштермен теңесіп келеді, соған қарамастан компания өндірістік кешен сенімділінің жоғарғы деңгейін ұстап тұрудың және газды ауаға шығаруды қысқартудың, әсіресе сынау саласы мен ұңғыманы тазалауда қосымша технологиялар енгізудің әртүрлі жолдарын іздеуді жалғастыра береді. Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес және Киот хаттамасы бойынша оның міндеттемелеріне сай компания климаттың жалпы өзгеруінің негізгі себебі болып табылып отырған парникті газдарды ауаға шығаруды азайту міндетін өз еркімен өз мойнына алып отыр. Техникалық жағынан күрделі кен орны Қарашығанақта қоршаған ортаны қорғау саласында көшбасшылық позицияны ұстап тұру компаниядан тұрақты түрде үлкен күш-қайрат талап етілетін міндет болып табылады. Сондықтан да КПО климаттық өзгерістер проблемаларын шешуде әлемдік деңгейдегі тәсілдер мен жаңа технологияларды үнемі қолданып отырады.

Мәселен, 2011 жылы компания ұңғымаларды тазалау кезінде сұйық көмірсутекті пластика кері қайтару бойынша жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін аяқтады. Бұл жобаны жүзеге асыруды бастау 2012 жылдың алғашқы тоқсанына жоспарланған. Оның нәтижесінде сұйық көмірсутекті жағу жылына 2800 тоннаға азаяды, ал бұл дегеніміз, 2011 жылы жағылған көлемнің 40 пайызын құрайды.

Экологиялық бағдарламаның басты мақсаты - ауаны, жерді, суды, Қарашығанақ кен орнының табиғаты мен экожүйесін қорғау болып табылады. Кез-келген жобаны игеру барысындағы қоршаған ортаға тигізетін әсері өте ерте кезеңнен-ақ анықталады. 1997 жылдан бастап Қарашығанақ кен орнының операторы қызметін алғаннан бастап КПО кен орнының экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған арнаулы табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 214 миллион АҚШ доллардан астам инвестиция салған.

Биологиялық жан-жақтылық көптеген экономикалық, экологиялық және саяси бағдарламалардың ең маңызды тармақтарының бірі болып табылады. Бірқатар халықаралық келісімдер қол қойылу қарсаңында. (Биологиялық жан жақтылық бойынша Конвенция, Картаген хаттамасы). Көптеген елдер экологиялық жан-жақтылықты



Ақсайдағы құрылыс-монтаждау құрал-жабдықтар зауыты

Ақсай қаласында жалпы құны 1,5 млрд. тұратын алюминийден құрылыс-монтаждау құрал-жабдықтарын шығаратын зауыт іске қосылды деп хабарлады Ақсай индустриялық паркі ЖШС бас директоры Марко Кастанини. Жобаның құны 1,5 млрд. теңге, 125 жұмыс орны ашылды. Мұнда электр жабдықтары және бақылау құралдары, жоғары технологиялық құрал жабдықтар, алюминийден құрылыс монтаждау құрал-жабдықтары шығарылады. Жергілікті кадрлар оқытылуда, - деді ол индустриалдық форумда.


Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің пресс-релизінде атап көрсетілгендей, технопаркте шығарылатын блокті-модульді құрал-жабдықтар, дәнекерлеу, пісіру техникалары, алюминийден құрылыс құрал-жабдықтары мен жаңы бизнес заттарын қазақстандық жабдықтаушылар арқылы Қашаған, Қарашығанақ және Теңіз сияқты ірі жобаларға жеткізілу жоспарланған.

Қазақстанды индустриализациялау картасы шеңберінде әрбір жарты жыл сайын мемлекет басшысының қатысуымен зауыттар мен фабрикаларды ашылуы өткізілуде. Карта жұмыс істей бастаған 2,5 жыл ішінде 443 индустриалды жоба іске қосылды, соның ішінде 2012 жылдың I жарты жылдығында 54 жоба іске қосылып, 100 мың жұмыс орны ашылды, өнімнің 100-ден астам жаңа түрі шығарылуда.

Индустриализациялау картасы жалпы құны 9,6 трлн. тұратын 609 жобаны құрайды, ол 180 мыңға жуық жаңа тұрақты жұмыс орнына жоспарланған.

2011 жылы 1 трлн. тұратын 237 жоба пайдалануға беріліп, 45 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Оның ішінде 2011 жылдың II жартыжылдығында жалпы құны 902 млрд. болатын 162 жоба іске қосылды, 35 мың жұмыс орны ашылды.

2010 жылы индустриализациялау картасы жобасы бойынша 800 млрд.-тан астам сомаға 152 жоба іске қосылып, 23 мың тұрақты жұмыс орны ашылды.



сақтау мен қайта орнату бойынша арнайы ғылыми зерттеуге кірісіп кетті, өйткені табиғатты сақтау экологиялық жүйенің тиімді қызмет атқаруын қамтамасыз етуге басты қадам болып табылады.

КПО бұл мәселенің тыс қала алмайды, өйткені, Қарашығанақ кен орны сан алуан өсімдіктер дүниесі мен жан-жануарлардың, құстардың мекені, оның кейбіреулері Қазақстанның Қызыл кітабына енген. 2010 жылы компания биологиялық жан-жақтылықты сақтау бойынша ғылыми зерттеу жүргізді.

Бұл зерттеудің ішіне биологиялық жан-жақтылықтың базалық жағдайын бағалау және оған өндірістік қызметтің әсер етуін бағалау кірді. Сол уақытта зерттеу қорытындысы бойынша биологиялық жан-жақтылықты сақтау жөніндегі іс-әрекет жоспарының жобасы мен жүзеге асырылуы тиіс биологиялық жан жақтылық Стандарты (стратегия) дайындалған болатын.

Экология мәселесіне көп көңіл бөле отырып, компания сәуір айының 16-21 аралығында өткен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған «жылдың үздік экологиялық ұсынымы-2012» корпоративті байқауын жариялады. Оның мақсаты - қоршаған ортаның жағдайын жақсарту үшін ұсыныстар түсіру мүмкіндігін бере отырып, қызметкерлердің назарын қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне аудару. Барлығы 55 ұсыныс түскен болатын, олар ауаны ластайтын заттарды ауаға шығаруды азайту, қалдықтарды басқаруды жақсарту, су ресурстарын орындай пайдалану, электр қуатын үнемдеу, қоршаған орта мен биологиялық жан-жақтылықты сақтау проблемалары бойынша жариялықты арттыру мәселелерін қамтыды.

Өткен жылы КПО еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің халықаралық стандарттары OHSAS 18001 және ISO 14001 талаптарына сай қайта сертификаттаудан табысты өтті.